# Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің Бірыңғай тауар номенклатурасына және Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифіне, сондай-ақ Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының кейбір шешімдеріне органикалық химиялық қосылыстардың жекелеген түрлеріне қатысты өзгерістер енгізу туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2018 жылғы 16 қазандағы № 163 шешімі

2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың 42 және 45-баптарына сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы **шешті:**

1. Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің Бірыңғай тауар номенклатурасына және Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифіне (Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2012 жылғы 16 шілдедегі № 54 шешіміне қосымша) мынадай өзгерістер енгізілсін:

а) № 1 қосымшаға сәйкес Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің Бірыңғай тауар номенклатурасынан кіші қосалқы позиция алып тасталсын;

б) № 2 қосымшаға сәйкес Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің Бірыңғай тауар номенклатурасына кіші қосалқы позиция енгізілсін;

в) № 3 қосымшаға сәйкес Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифінің кедендік әкелу баждарының ставкалары белгіленсін;

г) Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифіне ескертулер мынадай мазмұндағы 29С ескертуімен толықтырылсын:

"[29С] кедендік әкелу бажының ставкасы кедендік құнның 0 (нөл) % мөлшерінде Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2018 жылғы 16 қазандағы № 163 шешімі күшіне енген күнінен бастап қоса алғанда 2020 жылғы 31 қыркүйекке дейінгі аралықта қолданылады.".

2. Оларға қатысты Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағына әкелуге және (немесе) Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағынан әкетуге рұқсат беру тәртібі белгіленген тауарлар тізбесіне (Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2018 жылғы 21 сәуірдегі № 30 шешіміне № 2 қосымша) мынадай өзгерістер енгізілсін:

а) 2.12-бөлімде:

1-тізімде:

37 және 112-позициялардағы "2924 29 990 0" ЕАЭО СЭҚ ТН коды "2924 29 990 9" ЕАЭО СЭҚ ТН кодымен ауыстырылсын;

227, 281 және 321-позициялардағы "2924 29 990 0" ЕАЭО СЭҚ ТН коды "2924 29 990 9" ЕАЭО СЭҚ ТН кодымен ауыстырылсын;

258, 276, 287, 304, 306, 327, 341, 356 және 357 позициялардағы "2921 49 000 0" ЕАЭО СЭҚ ТН коды "2921 49 000 9" ЕАЭО СЭҚ ТН кодымен ауыстырылсын;

III тізімде:

20-позициядағы "2909 30 900 0" ЕАЭО СЭҚ ТН коды "2909 30 900 9" ЕАЭО СЭҚ ТН кодымен ауыстырылсын;

21-позициядағы "2921 49 000 0" ЕАЭО СЭҚ ТН коды "2921 49 000 9" ЕАЭО СЭҚ ТН кодымен ауыстырылсын;

б) 2.13-бөлімде:

13-позициядағы "2924 19 000 0-ден" деген сөздер "2924 19 000 0-ден" деген сөздермен ауыстырылсын;

14-позициядағы "2930 90 950 0-ден" деген сөздер "2930 19 000 9-ден" деген сөздермен ауыстырылсын.

3. Қырғыз Республикасы өтпелі кезең ішінде Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2015 жылғы 30 маусымдағы № 68 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифінде белгіленген баждар ставкаларынан айрықша кедендік әкелу баждарының ставкаларын қолданатын тауарлар мен ставкалардың тізбесіне мынадай өзгерістер енгізілсін:

а) 3824 99 930 9 ЕАЭО СЭҚ ТН коды бар позиция мынадай мазмұндағы позициялармен ауыстырылсын:

"3824 99 930 2 өсімдіктерді қорғайтын 0 0 0 0****0**** БКТ химиялық заттар өндірісіне ставкасы арналған манкоцеб[5)] 3824 99 930 8 басқалар 0 0 0 0 0 БКТ ставкасы ";

б) мынадай мазмұндағы "****" белгісі бар сілтемемен толықтырылсын:

"****Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2015 жылғы 30 маусымдағы № 68 шешімі күшіне енген күннен бастап Еуразиялық экономикалық одақтың бірыңғай кедендік тарифінің кедендік әкелу бажының ставкасы қолданылады."

4. Осы Шешім, оның 2-тармағын қоспағанда, ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді.

Осы Шешімнің 2-тармағы Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің Бірыңғай тауар номенклатурасына және Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифіне, сондай-ақ Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің және Еуразиялық

экономикалық комиссия Кеңесінің кейбір шешімдеріне органикалық химиялық қосылыстардың жекелеген түрлеріне қатысты өзгерістер енгізу туралы шешімі күшіне енген күннен бастап күшіне енеді.

*Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының Төрағасы* *Т. Саркисян*

Еуразиялық экономикалық
комиссия Алқасының
2018 жылғы 16 қазандағы
№ 163 шешіміне
№1 ҚОСЫМША

**Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің Бірыңғай тауар номенклатурасынан алып тасталатын КІШІ ҚОСАЛҚЫ ПОЗИЦИЯ**

| ЕАЭО СЭҚ ТН коды | Позицияның атауы | Қосым. бірлік өлшемі |
|---|---|---|
| 3824 99 930 | - - - - - - - - - - өзгелер | - |

Еуразиялық экономикалық
комиссия Алқасының
2018 жылғы 16 қазандағы
№ 163 шешіміне
№ 2 ҚОСЫМША

**Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің Бірыңғай тауар номенклатурасына енгізілетін КІШІ ҚОСАЛҚЫ ПОЗИЦИЯ**

| ЕАЭО СЭҚ ТН коды | Позицияның атауы | Қосым. бірлік өлшемі |
|---|---|---|
| | - - - - - - - - - - өзгелер:* | |
| 3824 99 930 2 | - - -- - - - - - - - өсімдіктерді қорғайтын химиялық заттар өндірісіне арналған манкоцеб[5] | - |
| 3824 99 930 8 | - - - - - - - - өзгелер | - |

*3824 99 930 1 ЕАЭО СЭҚ ТН кіші қосалқы позициядан кейін коды жоқ кіші қосалқы позиция

Еуразиялық экономикалық
комиссия Алқасының
2018 жылғы 16 қазандағы
№ 163 шешіміне
№ 3 ҚОСЫМША

**Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифінің кедендік әкелу баждарының СТАВКАЛАРЫ**

| ЕАЭО СЭҚ ТН коды | Позицияның атауы | Кедендік әкелу бажының ставкасы (кедендік құнына пайызбен не еуромен не АҚШ долларымен |
|---|---|---|
| 3824 99 930 2 | - - - - - - - - - - өсімдіктерді қорғайтын химиялық заттар өндірісіне арналған манкоцеб[5)] | 5 [29С] |

| | | |
|---|---|---|
| 3824 99 930 8 | - - - - - - - - - өзгелер | 5 |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК